



КАЗАХСТАНСКО-РОССИЙСКИЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ОСНОВАН В 1992 ГОДУ

# *ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАСЫНДА ҚОЛДАНУ ТАРИХЫ.*

ОРЫНДАҒАН: БАЙБАТЫР.Г

ТЕКСЕРГЕН: АЛДАСУГурОВА.Ч

# ЖОСПАР:

1.Халық медицинасы

2.Дәрілік осімдіктер

3.Қарандыз медицинада қолдануы

4.Мыңжапырақ

5.Ермен

6.Меңдуана

7.Есекмия

**Халық медицинасы дегеніміз** - өсімдіктер мен жануарлардан алынатын Шипалы өсімдіктер мен минерал заттардың емдік қасиеттері алуан түрлі аурулардың белгілері мен сол аурулардың емдеу тәсілдері және оларда сақтану жолдары туралы тарихи даму барысында халық жадында қалыптасқан Империялық тәжірибелік білімдердің біртұтас жүйесі деген тұжырымы да Көңілге қонымды анықтама деп қабылдаған жөн . Этнологиялық тұрғыда аса күрделі әрі қызықты ғылым саласының бірі қазақтың халық медицинасының тарихы , даму жолдары сан ғасырлық және Қытай мен Үндістан , Тибет халықтары медицинасы жеткен жетістіктерге жетпегенмен де қазақтың халық медицинасының өзіндік сара жолы бар .

Ертеде өмір сүрген әл - Фараби , Әбу Әли Ибн Сина , Баруни  
әл - Джуржани және орта ғасырларда өмір сүрген тағы да  
басқа Шығыс ғалымдарының қазақ халық  
медицинасының дамуына әсіресе дәрілік өсімдіктерді  
танып пайдалануына еткен ықпалдары зор болды .  
Қазақстан Республика территориясынан 6000 - ға жуық  
өсімдік түрлерін кездестіруге болады . Олардың үрлерінің  
көптігі жөнінен Қазақстан одақ көлемінде бірінші тұр .  
Өсімдіктер дүниесінің Осындай молдығына байланысты  
олардың ішіндегі дәрілік өсімдіктің зерттеудің  
маңыздылығы айтпаса да түсінікті .



Жер бетінде шипалық қасиетке ие алуан түрлі өсімдіктер өседі .  
Осынау әрқилы географиялық аймақта қоныс тепкен емдік шипалық қасиеттері алуан -түрлі өсімдіктерді адам баласы ерте кезден ақ өз қажетіне жаратып келді . Тіпті осыдан үш мың жыл бұрын - ақ кейбір шығыс елдерінде қазіргі қолданылып жүрген дәрілік өсімдіктердің бірсыпырасы белгілі болған . Дәрілік өсімдіктердің бұл тобынан емге керекті дәрі алумен қатар , құрамында әр түрлі витаминдер , Микроэлементтер , белок , көмірсу , май , Соның ішінде эфир майы болуына байланысты оларды тағамдыққа және басқа да халық қажетіне пайдаланады . Бұлардың ішінен көбінесе шөп түрлерін тағамдыққа пайдалану жағы басым . Осы қасиетінің арқасында олар көптеген елдерде жалпы тағамның бір түрі бөліп есептеледі . Өсімдіктерді ауру сырқауды емдеуге пайдалану әр елде Өздеріне керек бағытта , әр түрде жүргізген .

Республикамыздағы дәрілік Өсімдіктердің 600 - ге жуық түрі дәрі дайындауға шикізат ретінде пайдаланылады , алайда соның 200 - ге жуық түрі ғана дәрілік өсімдік түрінде жиналады . Қазақстанда кездесетін дәрілік өсімдіктер : түймедақ , ермен , арша , рауғаш , қызылтаспа , долана , Сиырсілекей , итмұрын , есекмия , дәрілік Жоңышқа , киікоты , тасшөп, т.б. Дәрілік өсімдіктердің құрамында алкалоидтар , гликозидтер , эфир майы , түрлі дәрумендер болады . Оларда түрлі микробтарды , вирустарды өлтіретін антибиотиктер , фитонцидтер түзіледі . Осы заттардың болуына байланысты дәрілік өсімдіктер бірнеше топқа бөлінеді .

Қазақ дәрігерлерінің алғашқы бір тобы **ҚЫМЫЗДЫҢ ҒЫЛЫМИ медициналық** тұрғыда зерттелуіне ат салысты . Елуінші жылдардың ортасында Бурабайдағы Бармашы санаториінде дәрігерлік қызмет атқарып жүрген кезінде дәрігер - жазушы З.Шашкин туберкулез ауруын қымызға антибиотиктер қосып беру арқылы емдеуді қолға алады . Өзі қызмет атқарған бармашы курортының жанына жылқы өсіріп , қымыз өндірумен айналысатын шаруашылық құрылуына ат салысады .





**Қарандыз** – 2 метрге дейін биіктеп  
Өсетін көп жылдық Өсімдік . Сабағы тік  
өседі , жапырағы ұзын , малдың тіліне  
ұқсаған сопақ болады . Тамыры жуан ,  
етті , хош иісті . Бірақ Дәмі жағымсыз ,  
ащы . Маусым айының аяғынан бастап  
қыркүйекке дейін сап - сарыгүл ашады  
. Гүлінің жапырағы адамның  
алақанындай ірі . Ол қара Топырақты  
құнарлы жерлерде , орманды  
далаларда , шабындықтар шетінде Көп  
кездеседі . Халық медицинасында  
қарандыз гүлінің ұнтағын сары майға  
араластырып , ескі жөтелге қарсы  
жегізеді . Ал оның бір ас қасық дәнінің  
ұнтағын 1 кг ешкінің еріген іш майына  
араластырып , күніне бір шай қасықтан  
үш рет қайнаған сүтке салып , демікпе  
ауруына қарсы ішкізеді . Сондай - ақ  
бронхы астмасы мен созылмалы  
бронхитке будан дауа ем жоқ , күмән  
келтіруге болмайды .





**Мыңжапырақ** - Қазақстанның барлық жерінде өседі . Биіктігі жарты метрге жетіп , тамыры 30-40 сантиметр тереңге бойлайды . Көп жылдық шөп тектес өсімдік . Оның халық арасындағы екінші аты сарыбасшөп . Маусымнан бастап қыркүйек айына дейін гүлдейді . Гүлдері ұсақ , сабағының жоғары жағында тостағанша жасап шоғырланып тұрады . Біздің республикада бұл Өсімдіктің 11 түрі бар . Өсімдіктің дәрілік қасиеті халықтық медицинада ерте кезден - ақ белгілі . Оны асқазан , ұлтабар , ішек , мұрын , Көтеу , жатыр ауруларына қарсы және қан тоқтату үшін кеңінен пайдаланылған . Ал қазіргі медицинада басқа дәрілік Шөптерге қосып түрлі қабынуларды , аллергияны , жараларды жазуға , қан тамырларын кеңейтіп , ауырған жерді тыныштандыруға қабылданып жүр .



**Ерменді** жерде ер өлмес деген қазақта мақал бар . Бұл тектен - текке айтылмаса керек . Өйткені ерменнің өзі тектес Өсімдіктерге қарағанда емдік қасиеті өте жоғары . Халық арасында оны 41 дертке дауа деп те атайды . Ермен биіктігі 1 метрден асатын көп жылдық , ШӨП тектес өсімдік . Иісі өткір , дәмі ащы . Сонысына қарай ерменнің екінші атауы кермекжусан . Ол далалы аймақтарда , жол жиегі мен арық жағаларында өседі . Егістік алқаптарда арамшөп ретінде кездеседі . Шілде мен тамыз айында гүл атады . Ол сары түсті түтікшелерден тұрады . Өсімдіктің бүкіл денесін бозғылт түсті ұсақ түк басқан . Тамыры жерге тіке тереңдеп кетеді . Халық медицинасында ерменнен жасалған дәріні : • Ми қан тамырлары тартылып , құлақ дуылдап , бас зеңгіп ауырғанда ( спазма сосуда головного мозга ) ; • бас сүйектің ішіндегі қан тамыры тартылып Көз қарауытқанда ; • көздің нұры қайтқанда ( ақшам соқыр ) ; • қант диабеті ; • бауыр ауруы ; • асқазан ауруы үшін барлық



**Меңдуана** - Қазақстанның барлық жерлерінде кезігеді . Бойы 1.5 метрге дейін барады . Жапырағы ірі , сабағының өң бойын желімді бозғылт түктер басқан . Иісі жағымсыз , өткір . Мамыр айынан тамызға дейін аппақ гүл ашады . Маусым , қыркүйек айларында жеміс береді . Дәні қоңыр , ұсақ , қабыршақты сауыттың ішінде болады . Ол жол жиегінде , ескі қора жайдың орнында өсетін , өтеулі ШӨП . Дәрі үшін жапырағы мен дәні пайдаланады . Оның дәрілік қасиеті тым ертеден белгілі . Егер демікпесі бел алып тұрған адам меңдуананың құраған жапырағын қағазға орап тартса тиылады . Ал кепкен жапырағын қайнатып буланса аяқ қолы қақсап , белі ұйып ауырғанды жоғалтады , осы қайнатпамен тіс қақсағанда ауызды әлсін - әлсін шайса қолма Қол басады . Қызыл иектің қабынуына бірден - бір ем . Тұқымын күйдіріп тұмаумен ( грипп ) ауырған адам түтінін иіскесе , тез жазылады . Тістің қақсағанын басады.





**Есекмия** - көбінде еліміздің жылы жағында көп өседі . Бойы 1 метрге дейін жететін көп жылдық Өсімдік . Көбінде сәндік үшін бақтар мен аула ішіне , көшелерде өсіреді . Гүлі бұтақтарының басына шоқтанып тұрады . Тамыз айында ақшыл - сары түсті гүл ашады . Жемісі қазан айында піседі , өте балды өсімдік . Дәрі дайын . Асқазан , ұлтабар ішек жаралары мен көтеуге ( геморрой ) ем етіп күніне бір ас қасығын 50 грамм суға қосып , 4 рет 2 ай ішсе , сырқатынан ада - күде сауығып кетеді . Осы тұнбаны дене сыртындағы іріңге , трофикалық жараларға және күйікке , шаш түскенге ем үшін қолданылады . Сыртынан ауық - ауық сүртіп отырса , жақсы нәтиже береді .

**ЕсекМИЯ** Дәнінің ұнтағын басқа да дәрілік Шөптерге қосып , гипертониялық ауруларға және түнде ұйықтамай шығатын адамға тыныштандыру үшін береді .



*Назарларыңызға  
рахмет!!!*

